

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 269 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 мамырда № 9-4-142 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 05.01.2010 № 1 қаулысымен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыру комиссиясының жұмысы ұйымдастырылсын және шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі еркек жынысты азаматтар, сондай-ақ жиырма жеті жасқа толмаған, оқу орындарынан шығарылған, әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

2. "Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақыру науқасын жүргізу үшін шақыру кезеңіне әскери есепке алу жөнінде мамандарды тарту ұсынылсын.

3. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша), Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) және "СТОМЕД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (келісім бойынша):

1) шақыру комиссиясымен жіберілген әскерге шақырушыларды тексеру жүргізу;

2) стационарлық тексеріс жүргізу үшін кереуеттің қажетті санын бөлу;

3) Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) әскерге шақырудан кейінге қалдыру алған және емдеуден өткен шақырушыларға берілген кесілген талондарды "Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне беру ұсынылсын.

4. Октябрь кентінің, Красногор селосының әкімдері шақырушыларды шақыру комиссиясын өту үшін жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай облысы ішкі істер департаменті Қостанай облысы Лисаков қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша):

1) әскерге шақырушыларды қаланың автовокзалынан облыстық жинақтау пунктіне жөнелткен кезде қоғамдық тәртіпті қалпында сақтау үшін қызметкерлердің қажетті санын бөлу;

2) "Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесе отырып, шақырушылардың хабарландыру және іздестіру тобын құру;

3) алыс-беріс жазылатын шақыру қағазын алғаннан кейін, мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарып жүргендерді шақыру пунктіне жеткізу жұмысын ұйымдастыру ұсынылсын.

6. "Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" (келісім бойынша), "Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі", "Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемелеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырушыларды салтанатты шығарып салуды ұйымдастырсын және өткізсін.

7. "Лисаков қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру комиссиясын жүргізу үшін 2009 жылға арналған қалалық бюджетте осы мақсатқа көзделген сомалар бойынша ақшалай қаражаттар бөлсін.

8. "Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы қала әкіміне 2009 жылғы 25 маусымға дейінгі

және 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде осы қаулының орындалуы жөнінде атқарылған жұмыс туралы ақпаратты беру ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Қ.Р. Тұмановаға жүктелсін.

10. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге қолданылады.

Лисаков қаласының әкімі

В. Полешко

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер департаменті Қостанай облысы Лисаков қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Т. Айсин

"Қостанай облысы Лисаков қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Р. Саттаров

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

_____ Е. Жанарстанов

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Лисаков қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

_____ Қ. Изғалиев

"СТОМЕД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің меңгерушісі

_____ С. Осипов